

## Шыңғырлау ауылының тарихы

Біздің бүгінгі күні суын ішіп, ауасын жұтып жүрген осынау Шыңғырлау ауданы 1897 жылы Орал уезіне енген Шыңғырлау және Шілік болыстығы болатын. Шыңғырлау болыстығында 7 ауыл, Шілік болыстығында 12 ауылдан тұратын бұл аймақ халқының саны да бірінде 5110 адам, екіншісінде 13552 адам болған деген мәліметтерді аудандық мұрағат деректері келтіреді. Кейін 1920 жылы Орал губерниясы құрылып, оған құрамында Қарашығанақ, Лубен, Шыңғырлау, Шілік болыстығы бар Елек уезі енді. 1923 жылы жүзеге асырылған болыстықтарды қысқарту немесе тарату барысында Лубен болыстығында Алмаз, Қарағаш, Отрадный, Торыатбас болыстықтары біріктіріліп, орталығы Лубен ауылы болды. Шілік болыстығына Полтава, Ичкаренска (Ешкіқырған) болыстығы енді де, орталығы Шілік ауылы болып белгіленді. Ал Шыңғырлау болыстығы дербес болыстық ретінде өз күшін жойды да, Бөрлі болысы құрамына енді.

1928 жылы Лубен мен Шілік болыстығы біріктіріліп, Шілік ауданы пайда болды. Бес айдан кейін бұл аудан Шыңғырлау ауданы болып өзгертіліп, Орал маңы мен Бөрлі болыстығы жерінің есебінен жер көлемі ұлғайтылды. Кейіннен Бөрлі болыстығы аумағының Орал ауданына берілуіне орай, жер көлемі азайтылды. 1932 жылдың 10 наурызында Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданы деп аталынды. Осылайша тәптіштей келгенде, біздің ауданымыздың аудандық бірлік ретінде заңды тіркелуі және аталуы осы 1932 жылдан басталды.

Ал Шыңғырлау атауының өзі қалай шыққан деген сұраққа түрлі ел аузындағы аңыз-әңгімелер болмаса, нақты зерттелген тарихи деректер жоқтың қасы. Бұл туралы ел аузында шертілер шежірелерде әртүрлі баяндалады. Тарих бетінде бағзы замандардан Шыңғырлау аталып, күні бүгінге дейін өзгере қоймаған бұл атаудың шығуы жөнінде түрлі аңыздардың бірі былай дейді:

«Заманында алдына қара салмаған теңдессіз жүйрік торы ат болыпты және оның жай уақытта көзге көрінбейтін екі қанаты болыпты-мыс. Бірде бір бәйгеге жүйрігін қоса келген атбегі, әрі сері жігіт сәйгүлігіне бөлек отау тіктіріп, ішіне бір астау сүт, бір астау су қойдырыпты. Бәйгеден соң жүйрігін сонда кіргізіп, сыртынан күзет қойыпты. Десе де қапысын тапқан бір әйел жабық астынан сығалап, жүйрік торының қанаттарының бірін суға, бірін сүтке батырып, жусап тұрғанын көреді. Шегін тартып таңданған әйелдің оғаш даусынан шошыған тұлпар шыңғыра кісінеп, сол арада жан тапсырыпты. Бір

рулы елдің маңдайына басқан сәйгүлігі мерт болған, шыңғырып барып үзілген жері бүгін осы Шыңғырлау болса керек дейді. Туған жеріне ел болып арулап, көмген жылқының орнында, бүгінде Торатбас деген тау белгі болып қалған». Бұл әрине, ел аузында жүрген аңыздың бірі ғана.

Енді бір дерек осы аудан тұрғыны, осы жерде туып өскен азамат Тілеген Байғалиев ақсақалдың әңгімесінде былай деп түсіндіреді:

-Бағзы замандарда, шамамен бұдан 2000 жылдай бұрын Арал мен Каспий (Хазар) теңізі тұтас бір су аймағы болып, бүгінгі Шыңғырлау өңірінің көп бөлігі су астында жатқан. Бұған дәлел болатын осы өңірдегі Торатбас, Жыланды, Қыземшек, Шолақбұлақ, бүгінгі Белогор елді-мекені маңындағы ақтаулар тізбегі, Жантай, Қотыртас, Ханшатыры тауларының теңіз түбінде болатын шөгінді бор жыныстарының түзілуі. Кейін екіге бөлінген теңіз суы тартыла келе, орнында біз әртүрлі атап жүрген осы таулар қалған. Шыңды таулар, биік қырлар және бұрынғы түркі тілдес сақтар мал жайылымына айналдырып «жайлау» атап кеткен ойпаттар да көптеп кездесетін бұл аймақтың Шыңғырлау өзені маңында Тілеулікөл аталатын үлкен ойпатты жерлер, Сырым ауданының Қоңыр кентіне қарай Кеңашы, Жыланды тауының солтүстігі, Ағатан ауылынан Лубенге қарай беттегенде кездесетін Айтуар ойпаттары бар. Осындай географиялық жер бедеріне қарай бұрынғы сақ тайпалары «Шың» - таулар (вершины горы), «Қыр» - биіктіктер (возвышенность), «Жайлау» - сөзінен алынған соңғы «лау» - буынын орайластырып осы Шыңғырлау атауын қалыптастырғанға ұқсайды. Демек, бұл пікірдің де дұрыс болуы әбден мүмкін.

Тағы бір жан-жақты зерттеліп, келтірілген деректің бірінде жергілікті тұрғын, Қаз.ССР оқу ісінің үздігі Б.С.Сапаров былай деп әңгімелейді.

-Біздің қазақ халқы ұзын аяқты мал тісіне еріп, көшіп-қонып жүргені қашаннан мәлім жай. Бар тірлігін малмен байланыстырған халықтың ең бірінші ойлағаны да осы малдың жайы. Әрине, жаугершілік заманда адам факторы да алдыңғы орында тұрған. Ел қорғауға жарайтын мықты жауынгерлер үнемі қажет болған. Олар дені сау сәбилерден, балалардан өспек. Оларды дүниеге әкелетін ана денсаулығы да мықты болуы керек. Осының бәрін ескерген ата-бабаларымыз мұның бәрі көп ретте күнделікті пайдаланылатын судың құрамына байланысты екенін білген. Сайып келгенде, аурудың басым көпшілігі судан болатыны бүгінде медициналық жолмен дәлелденген нәрсе. Сонымен малға, жанға жарамды суды ашық су

көзінен, өзен-көлдерден ала алмайтынын пайымдаған бабаларымыз жер бедерін, топырақ құрылымын, өсімдік түрлерін саралай сараптап, жер асты суларының құрамын анықтай білген. Ауыл ақсақалдары жер-жердің өсімдігін жиып, топырағын жалап, дәмін анықтап, үйір-үйір жылқы айдап, жерге құлағын төсеп жанр құрылымын, судың қашық-жақындығы мен су қорын біліп отырған. Сөйтіп, кейде тегіс даладан, кейде қыр басынан немесе тау ұшынан құдықтар қаздырып отырған. Әрине, таза судың тайыздан шыңырау құдықтар қазылғанға ұқсайды. Осы құдықтардың шын мәнінде болғандығын дәлелдейтін орын іздері бүгінгі Полтава, Правда елді мекендері аймағынан кездесіп қалып отырады. Шыңғырлау атауы да осы терең құдықтарға қатысты шыңырау, шыңғырлау-деген тұрғыдан қалыптасқан болуы керек.

Бұл пікірдің де жаны бар. Және бүгінгі таңда бірден-бір шындыққа жақын жанасатыны да осы тұжырым. Өйткені Шыңғырлау төңірегінде таза, лабораториялық сарапқа сай су көзі тек тереңнен алынатыны дәлелденіп отыр. Алысқа бармай-ақ, осы ауылдың ішінде тұрғындар арасында «Мәуіл құдығы» аталып кеткен құдықты алуға болады. Осындай құдық аудан іргесіндегі Ақсоғым нүктесінде де бар. Екеуі де айтарлықтай терең-ақ, толық мәнінде шыңырау құдық деп айтуға болады.

Бүгінде Шыңғырлау ауданының жер көлемі 7,2 мың шаршы шақырымды алып жатыр, яғни, 720 мың гектарды құрайды. Ол облысымыздың солтүстік-шығысында орналасқан және солтүстігінде Ресейдің Орынбор облысы, Шығысында Ақтөбе облысы Қобда ауданымен, оңтүстігінде БҚО Қаратөбе, Сырым аудандары және батысында Бөрлі аудандарымен шектеседі.

Ауданның жер бедері Орал маңы үстірті мен Орал аңғары жазығының маңын алып жатқандықтан, әртүрлі болып келеді. Бұл өңірдің жері солтүстік-шығыстан бастап неғұрлым биік болып басталып, оңтүстік-батысқа қарай аласара береді. Ауданның шығысындағы Отрадний ауылының солтүстігінде осы өңірдің ең биік нүктесі – Шыбынды тауы жатыр. Оның биіктігі – теңіз деңгейінен 273 м. Ауданның ең төменгі нүктесі Бөрлі ауданымен шектес Елек өзенінің жарлауыт беттерінде орналасқан, бұл ара теңіз деңгейінен 63 м биікте жатыр. Ауданның жер беті жонды-төбелі жазықты құрайды. Ал, Елек, Утва өзендері мен олардың суайрықтары жарқабақты, биік кемерлі болып келеді. Жер бедерін сипаттағанда тоқталып өтетін ірі нысандардың арасында ірі еңісті бірегей жолды жазық-Қарағаш және Аққұм құмды алабы бар. Бұл

алаптарда құмды жер бедерімен қатар батпақ, өзен, ірі орман шоқтары орналасқан.

Ауданның дала өзендері де, негізінен ормансыз және аз сулы болып келеді. Көпшілігі тұрақты ағыны болмағандықтан, жаз айларының соңына қарай кеуіпте қалады. Бұл өзендерге Утва, Ащы өзендерінің жоғары және орта ағыстары, Жосалы, Қуағаш және басқа да кішкене өзендердің жоғары ағыстары жатады.